

## Қазақстан Республикасында Қолөнершілікті дамыту тұжырымдамасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 11 шілде N 1051

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 4189 U984189\_ Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын орындау үшін және қолөнерді қайта өркендетуге бағытталған дәстүрлі халықтық кәсіпшілікті дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында Қолөнершілікті

дамыту тұжырымдамасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі осы Қазақстан Республикасында Қолөнершілікті дамыту тұжырымдамасына сәйкес Қазақстан Республикасында Қолөнершілікті дамытудың 2001-2002 жылдарға арналған бағдарламасын әзірлесін.

3. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 11 шілдедегі  
N 1051 қаулысымен мақұлданған

Қазақстан Республикасында Қолөнершілікті дамыту  
тұжырымдамасы

### КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта Қазақстанда қолөнершілікті дамытудың алғышарттары мен нақты жолдары түсінікті болып отыр. Бұл процестің тұрлаулы сипаты бар және республика халқының лайықты өмір сүруін, экономикалық гүлденуін және қолөнершіліктің еркін дамуы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ете алады. Қазақстан экономикалық

дамыған елдер қатарына саяси тәуелсіздігін де, ұлттық ерекшеліктері мен мәдени дәстүрлерін де сақтай отырып, дамыған азаматтық қоғамымен және құқықтық мемлекетімен бірге әлемдік өркениетті дамуға толыққанды қатысушы құқықтарында кіруге тиіс. Қолөнер өндірісінің негізгі сипаттары мен белгілері Қазақстанда тұрақты әлеуметтік-саяси жағдайлар мен терең экономикалық қайта құрулар кезінде қалыптасатын болады деп күтуге болады.

Қолөнершілікке тән сипаттар мен белгілерге мыналарды жатқызуға болады: қолөнершілік рыногын табиғи ресурстар, еңбек және капитал рыноктарына қосымша өндіріс факторы ретінде құру және дамыту, қолөнершілік ресурстарының әлеуметтік-экономикалық дамудың нақты ресурстарына көшуі, қоғамның қолөнер өнімдеріне және қызмет көрсетулерге қажеттіліктерін нақты қанағаттандыру; қоғамдық өндіріс жүйесіндегі қолөнершілік инфрақұрылымы рөлінің өсе түсуі; аймақтардың, елдердің және халықтардың экономикалық ықпалдасу процестеріне қолөнершіліктің толық құқықты қатысуы;

халықаралық, ұлттық және аймақтық деңгейлердегі қолөнер өндірісінің мүмкіндіктерін кеңейту есебінен білім деңгейін, мәдени дамуды арттыру және тиісінше біліктілік, кәсібилік және еңбек қызмет көрсетулерінің маңызды сипаттамалары ретінде шығармашылық қабілеттіліктері рөлін арттыру.

Жоғарыда аталғандар қолөнершілікке деген көзқарасты өзгерту, адамзаттың әлеуетін күшейту үшін қолөнер өндірісін қолдану мүмкіндігін кеңейту және оны көптеген бағыттарда дамыту, рыноктық экономика жағдайында қалыпты бейімделу мен қолөнерді қолайлы жүзеге асыруды қамтамасыз ететін "нүктелер" мен әдістерді анықтау қажеттігін айқындайды.

Қолөнершілік - шағын кәсіпкерлік субъектілерінің бөлігі, оларға еңбек өнімін жасау немесе қызмет көрсетулерді аз көлемде немесе қол еңбегінің жоғары үлесі бар жеке тапсырыстар бойынша және жеке ерекше білімдерін, дағдылары мен икемдерін шығармашылықты, әдетте, қолөнер кәсіпорны ішінде еңбекті функциялық және өндірістік түрде бөлмей-ақ, қолөнершінің (шебердің) өндіріс құрал-жабдықтары меншігі негізінде пайдалана отырып, беру тән.

Мұндай айқындама қолөнершілікке шағын кәсіпкерлікті қолдаудың нормативтік-құқықтық базасын қолдануға мүмкіндік береді. Қазақстан үшін мұндай қолдаудың негізі "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, Z970131\_ басқа нормативтік-құқықтық актілерде айқындалған.

Сөйтіп, қолөнершіні қандай да бір бұйымдарды және (немесе) қызмет көрсетулерді, әдетте, қол әдісімен, жеке еңбек құралдарының көмегімен жасаумен айналысатын шағын кәсіпкерлік өкілі ретінде айқындауға болады.

ҚОЛӨНЕРШІЛІКТІ ДАМУДЫҢ

## ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

Қолөнершілік осы заманғы көп укладты әлеуметтік-рыноктық экономиканың маңызды секторларының бірі болып табылады және шағын кәсіпорындардың кең желісін құруды шағын кәсіпкерлікті дамыту мен тиімді бәсекелес орта үшін қолайлы алғышарттар жасайтын жеке майдагер-қолөнершілердің санын өсіруді қамтамасыз етуге қабілетті. Олардың икемділігі мен жинақылығы шаруашылық және әлеуметтік міндеттердің тұтас кешенін шешуге және халықты, оның ішінде санатшылық қасиеттері, нақты мүмкіндіктері әр түрлі адамдарды, білімдер қоры әр түрлі және кәсіби мүдделері әр қилы адамдарды жұмыспен барынша қамтуды, олардың шығармашылық әлеуетін толық іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қолөнершілікті дамыту мемлекет ішіндегі тұрақтылық үшін алғышарттар жасайтын әлеуметтік теңесуге ықпал жасайды.

Қазақстанда қолөнершілік бай дәстүрлерге ие болды және негізінен үйдегі өнеркәсіп түрінде дамып келді. Оның кең аумаққа тарауы бірдей болмады және ол қалалар мен орталықтарда тезірек дамыды.

Қолөнерші шеберлігін меңгеру ежелден игілікті іс саналған, ірі өнеркәсіпшілер одан өздерінің шығу тегін көрген, одан таланттарды іздеген және шеберлікті жетілдіру үшін жағдайлар жасап отырған.

Жібек жолы күрежолының қазақстандық учаскесі немесе "Степной" деп аталатын жол учаскесі Орта Азия халықтарының көшпелі және отырықшылық-егіншілік мәдениеттерінің өзара сауда-қолөнер іс-қимылының түбегейлі процестерін көрсететін тарихи, археология, сәулет, қала құрылысы және монумент өнері ескерткіштерінің бірегей кешенін құрайды.

Жібек жолының кенттену процесінде көптеген ертедегі қалалық және ауылдық қоныстанулардың кеңеюі және нығаюы өріс алды, олардың маңында сауда-қолөнер орталықтары пайда болды.

Қазақстанда ХХ ғасырдың басына қарай қолөнершілер халықтың барынша үдемелі жігін құрады. Қолөнер кәсіптері мен кәсіпшіліктерінің саны өте үлкен болды, қалалар қолөнер өндірісінің тауарларына толы болды, қолөнер қызмет көрсетулерінің саласы кеңінен дамыды.

Өкінішке орай, жоспарлы шаруашылық тұжырымдамасы қолөнершілікті жарты ғасырдан астамға жуық уақыт ішінде қоғамның әлеуметтік және экономикалық құрылымынан алып тастаған болатын, ал мемлекеттік өкімет қолөнершілерді әлеуметтік жік ретінде жою жолында қатал саясат жүргізді. Алайда, біздің тарихымыз куә, қолөнершілікті дамыту алғышарттары қоғамдағы кез келген әлеуметтік-саяси формациялар кезінде сақталуын жалғастырып келеді.

Қазіргі уақытта қолөнершілік өндіріс жүйесі ретіндегі өзінің үстем көзқарастарын жоғалтты, алайда ол шағын кәсіпкерліктің бөлегі ретінде не өндірістің дербес жүйесі

ретінде әлемнің көптеген дамыған елдерінде мемлекеттік қолдау ала отырып, бұдан әрі  
ж а л ғ а с у д а .

Қолөнершілік өзінің тіршілік қабілетін рынок жағдайларында тұтастай дәлелдейтін Германия, Түркия, Үндістан сияқты елдердің тәжірибесі біздің елімізде де біраз уақыттан соң қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымында берік позицияларға ие болуға тиіс деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстанда қолданылып жүрген заңда қолөнер кәсіпорындарының қызметін реттейтін құқықтық базаның жоқтығына қарамастан, мыңдаған адам халықтық тұтыну тауарларының кең спектрін және күнделікті тұрмыста да, әшекей ретінде де пайдаланылатын бұйымдарды жасаумен айналысады. Жер-жерде, біздің еліміздің әр түрлі бұрыштарында өз халқының тарихы мен дәстүрлерін ұқыпты сақтаған адамдардың қолымен жасалған, халық кәсіпшілігінің бірегей бұйымдарын кездестіруге  
б о л а д ы .

Бұл - жүзім сабағынан өрілген жиһаз, балшық пен металдан жасалған ыдыстар, хас шеберлердің қолдарымен жасалған кілемдер, киіздер, ұлттық киімдер. Былғарыны, малдың сүйектері мен терілерін пайдалана отырып, жасалған сәндік-қолданбалы бұйымдар мен күмістен және басқа асыл металдардан жасалған әшекейлер ерекше  
қ ы з ы ғ у ш ы л ы қ т ы т у д ы р а д ы .

Алматы облысының Қарасай ауданында он жыл бойы қолөнершілердің поселкесі " Шеберлер ауылы" жұмыс жасайды, бұл - Қазақстанның әртүрлі аймақтарының шеберлерін жинаған халықтық-қолданбалы өнердің энтузиастары құрған үкіметтік  
е м е с ұ й ы м .

Осы ұйымның мүшелері "Әйелдердің шығармашылық бастамасы лигасының", " Бақыт" сәндік-қолданбалы өнер орталығының көмегімен О. Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы колледжінің жанынан қолөнершілікті жандандыру жөнінде  
б е л г і л і ж ұ м ы с ж ү р г і з у д е .

Бүгін бұл оң тәжірибе, ең алдымен қолөнершілік және мемлекеттік өкімет пен басқару органдарында қолөнершілердің мүдделерін білдіретін және қорғайтын қолөнер қоғамдық бірлестіктерін құру саласында зерделенуге, қорытылуға және ескерілуге, ел  
а й м а қ т а р ы н д а т а р а т ы л у ғ а т и і с .

Қазіргі сәтте қолөнерлер мен кәсіпшіліктердің заңмен бекітілген тізімі жоқ, осы қызметтің әлеуметтік-құқықтық және экономикалық жақтарын реттеп отыратын  
қ о л ө н е р л е р т у р а л ы з а ң д а ж о қ .

Қазақстанда қолөнершілер санатына жатқызуға болатын шаруашылық жүргізуші субъектілердің әжептәуір кең жігі жұмыс жасайды. Олардың біраз бөлігінің рынок жағдайларында тұрақты жұмыс жасайтынына және кәсіпкерліктің өзге нысандарымен салыстырғанда, тең бәсекелестік мүмкіндіктеріне сенуіне болмайды, өйткені олардың жұмыс жасауы бірқатар факторлармен күрделене түседі, олардың ішіндегі аса  
м а ң ы з д ы л а р ы :

қолөнер өнімдері мен қызмет көрсетулеріне тұрақсыз сұраным;  
қызметтің осы түріне салынатын жоғары салық төлемдері;  
жеткіліксіз инвестициялық мүмкіндіктер (негізінен кепілдік қамтамасыз етудің  
болмауынан несиелемен қамтамасыз етілмеу);  
қолөнершілерде рыноктық қатынастарға қатысу үшін жеткілікті экономикалық, заң  
және өзге де білімдердің болмауы.

Мақсатты мемлекеттік қолдаудың және кең тұтынушы рыноктың арқасында дербес  
өндірістер болып отырған Қазақстан қолөнершілігі үшін дәстүрлі халықтық көркем (сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын шығаратын) кәсіпшіліктерінің орны айрықша  
б о л у ы м ү м к і н .

Сөйтіп, қазіргі заманғы жағдайларда қолөнершілік экономикалық тиімділік және  
әлеуметтік тұрақтылық тұрғысынан қарағанда, мемлекет оның жан-жақты қолдануы  
мен өсуін қамтамасыз ете отырып, оның дамуын міндетті түрде өз қамқоршылығына  
алуға тиіс маңызды құбылыс.

Бұдан басқа, Батыс пен Шығыс арасындағы халықаралық және коммерциялық  
тасқындардың жүруін келістіретін Қазақстанның тиімді геосаясаттық жағдайы,  
туристік-рекреациялық аймақтардың, табиғи ландшафттардың, шетел туристерін  
қызықтыратын флора мен фаунаның сан қырлылығы қолөнершілікті дамыту үшін  
ынталандыру факторы қызметін атқарады.

Қолөнершілік қызметінің басымдықты бағыттары азаматтардың немесе  
шаруашылық жүргізуші субъектілердің пайдаға асыру, эстетикалық, салт-жоралғылық  
және өзге қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған халықтық кәсіпшілік  
б ұ й ы м д а р д ы ж а с а у б о л у ғ а т и і с .

Қазақстан қолөнершілікке халыққа беріліп отырған тауарлар мен қызмет  
көрсетулерді қазақстандық мазмұнмен толтырудың үлкен мүмкіндіктерін ашатын ұлы  
мәдени мұраға және осы заманғы өзінше көпұлттық мәдениетке ие.

## ҚОЛӨНЕРШІЛІКТІ ДАМУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ

Қазақстан Республикасында Қолөнершілікті дамыту тұжырымдамасы Қазақстан  
Республикасы Президентінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 4189 Жарлығымен  
бекітілген Қазақстан Республикасында кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 1999-2000  
жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын нақты жүзеге асыру мақсаттарында  
ә з і р л е н д і .

Шынында, шағын бизнес субъектілері бола отырып, бірқатар ерекшеліктері  
бойынша қолөнер шеберханаларын шартты түрде ғана кәсіпорындар деп атауға және  
шағын кәсіпкерлік үшін заңда белгіленген өлшемдерді қолдануға болады.

Қолөнершілікті дамытудың принципті негіздері көне дәстүрлерді жандандыру,

ұлттық мәдениетті насихаттау, шығармашылық тұлға бостандығы болып табылады. Шағын кәсіпкерлікті сипаттайтын өлшемдердің барлық жиынтығынан қолөнер өндірісіне мыналар тән:

- өндіріс саласына жататындығы;
- өндіру процесінде қол еңбегі үлесінің үстем болуы;
- жеке меншік иесінің еңбек процесіне немесе өндіріс процесіне тікелей қатысуы;
- тауарлар өндірісінің даралығы (шығарылатын өнімнің аз сериялылығы).

## ҚОЛӨНЕРШІЛІКТІ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Қолөнершілікті жандандыру мен дамытуды мемлекеттік қолдау, бірінші кезекте, қолайлы әлеуметтік-экономикалық, құқықтық жағдайларды жасауға және қолөнершіліктің өздігінен ұйымдастырылуына жәрдемдесуге бағытталуға тиіс.

Қолөнершілікті мемлекеттік қолдаудың қажеттігі, оны қайта өркендету мен дамыту мыналарға негізделген:

қолөнершілік сонымен бір мезгілде бастапқы капитал жинақтау құралдарының бірі бола отырып, халықтың барынша кең жігінің тіршілік етуіне қаражат береді;

қолөнер өндірісі рынокты тауарлар мен қызмет көрсетулермен толтыруға ықпал жасайды және өндірістің бірқатар секторларында ірі өндірісшілермен бәсекелесуге қабілетті;

қолөнер өндірісі оның біршама тұрақтылығын қамтамасыз ететін, рыноктағы өзгерістерге барынша икемді ден қою мүмкіндігіне ие болады;

қолөнершілікті дамыту жұмыссыздық деңгейін төмендетеді;

қолөнершілік халықтың тарихи-тұрмыстық дәстүрлерін, мәдениетін сақтайды және дамытады;

қолөнер өндірісіне тарту халықтың өнерпаздығын дамытады, адамның жеке қасиеттерін ашуға мүмкіндік береді, оның өздігінен іске асырылуына және рыноктық қатынастарға тартуға ықпал жасайды;

қолөнершілер жігі - тіршілік етуі қоғам тұрақтылығын қамтамасыз ететін, орта тап бөлігі.

Мемлекеттік қолдау қолөнер өндірісі ерекшелігінің жоғарғы дәрежеде жергілікті рынокқа бағдарланғанын ескере отырып, бірінші кезекте, аймақтық деңгейде қамтамасыз етілуге және мыналарды қамтуға тиіс:

шеберханалар үшін коммуналдық меншікте орналасқан үй-жайларды жеңілдікті жағдайлармен беру;

шағын кәсіпкерлікті дамытуға бөлінген қаражаттардан жеңілдікті субсидиялар мен несиелер беру;

қолөнершілікті қолдаудың инфрақұрылымын құруға көмектесу:

- консалтингтік қызмет көрсетулер жүйесін ұйымдастыру (қолөнер кәсіпорындарын

құруға және жұмыс жасатуға консультациялық көмек);  
- тауарларды, шикізатты және материалдарды өткізу рыноктары туралы ақпараттық қамтамасыз ету, семинарлар, жәрмеңкелер, көрмелер және т.б. өткізу;  
- жарнама-маркетинг қызметін ұйымдастыру;  
қолөнер мамандықтары бойынша кадрлар даярлау үшін жағдайлар жасау және тағылымдамалар ұйымдастыру;  
қолөнер өндірісінің дамуына ықпал жасайтын қолайлы қоғамдық пікір, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қалыптастыру;  
қолөнершілікті қолдау мен дамытудың аймақтық бағдарламаларын (аймақаралық келісімдер негізінде) әзірлеу;  
құқықтық қолдау:  
- қолөнершілердің жасаған тауарына авторлық құқығын қорғау;  
- заң консультациялары.

Қолөнер өндірісі саласын дамытуға бағытталған және орын алып отырған проблемаларды кешенді шешуге мүмкіндік беретін мемлекеттік деңгейдегі бірінші кезектегі іс-шаралардың бірі коммерциялық емес ұйымдар түріндегі Қолөнер орталықтары мен Қолөнер Палаталарын құру болып табылады.

## ТҰЖЫРЫМДАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДЫҢ КЕЗЕҢДІЛІГІ

Қазақстанда қолөнершілік екі кезеңде дамуы мүмкін.

Бірінші кезең - қолайлы нормативтік-құқықтық база құру, оның ішінде заңдар мен нормативтік актілерде қолөнершілікті дамытудың құқықтық негізін бекіту, қолөнершілікке (бірінші кезекте үй-жайларды жалға беру жөнінде, оның шағын кәсіпкерлікке жататындығына байланысты және оның ерекше сипатын ескере отырып - салықтар жөнінде) жеңілдіктер беру.

Екінші кезең - ол едәуір мөлшердегі күрделі қаржыларды талап етеді, уақыты бойынша едәуір қысқа және мыналарды қамтиды:

Қолөнерлер орталықтарын, Қолөнер Палаталарын және басқа қолөнер қоғамдық бірлестіктерін құру;

қолөнер бойынша мамандарды даярлау және қайта даярлау, біліктіліктің, кәсібиліктің және адам әлеуетінің маңызды сипаттамалары ретінде қолөнер шығармашылығына деген қабілеттіліктердің ролін арттыру;  
көпшілік тұтынушыға бағдарланған қолөнершілер қызмет көрсетулерінің индустриясын қалыптастыру және дамыту.

Осы міндеттерді шешу қолөнершіліктің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының түпкілікті ресурсына нақты айналуын білдіреді. Ол сондай-ақ, азаматтық қоғам институттарының бекуін, азаматтардың қолөнер өндірісі тауарларын кедергісіз алуын, таратуын және пайдалануын нақты қамтамасыз ететіндігін, тұлғаның өздігінен

даму мүмкіндіктерін кеңейтуді білдіреді.

Осы кезең бойынша қозғалу жылдамдығы бөлінген қаражатпен қамтамасыз етілетін болады. Осыған байланысты, қолөнер өндірісінің таза қазақстандық өлшемдері мен сапалық сипаттамаларына, әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерге бағдарланған және бүгінгі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда мемлекет тарапынан барынша аз күрделі қаржы жұмсалуды талап ететін жол табу қажет. Осы кезеңді іске асыру үшін шетел көздерінен немесе отандық коммерциялық құрылымдардан және халықтан инвестициялардың негізгі көлемін алу талап етіледі.

Бұдан басқа, бұл кезең қолөнершілер жігінің ділін едәуір өзгертуді

және оларды шағын кәсіпкерлікті дамыту мақсаттарына, басымдықтары мен бағыттарына орай қайта даярлауды талап етеді.

Қолөнершілікті дамыту жолымен қозғалу, әсіресе, бірінші кезеңде кең ауқымды қоғамдық қолдауды, қолөнершілікті қолдау мақсаттарын терең сезінуді және оның қалыптасуының негізгі факторлары болып табылатын саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени артықшылықтарды пайдалануды талап етеді. Мұндай қолдау үшін көптеген мамандардың жігерлері үйлестірілуге және барлық баспасөз бен электронды бұқаралық ақпарат құралдарында аса кеңінен насихаттау қамтамасыз етілуге тиіс.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.